

Базалық салық ставкаларын түзету туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 12/3-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 24 мамырда № 2961 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 13 шілдедегі № 29/6-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 13.07.2015 № 29/6-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы с а қ т а л ғ а н .

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 387 бабының 1 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Абай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Аймақтарға бөлу жобасы (схемасы) негізінде жер салығының ставкалары, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 378, 379, 381, 383 баптарында белгіленген жер салығының базалық ставкалары 50 процентке жоғарылатылсын.

2. "Жерлерге салынатын базалық салық ставкалары туралы" 2008 жылғы 18 сәуірдегі Абай аудандық мәслихатының № 5-4 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-5-79 болып тіркелген, 2008 жылғы 15-30 сәуірдегі № 8 "Абай елі" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А б а й

а у д а н д ы қ

м ә с л и х а т ы н ы ң

х а т ш ы с ы Т.

А м а н ғ а з ы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК